



@ILE_AKIMAT
@ILE_TANY



№29 (5190)

Алматы және Жетісу облыстық
қоғамдық-саяси апталық

17

шілде (жұма)
июля (пятница)

2026

жыл
год

Алматинская-Жетысуская областная
общественно-политический еженедельник

Жаңа Конституция

Меншік құқығын қорғау

АУДАНДЫҚ АУРУХАНАДА АЛҒАШ РЕТ ЖАМБАС БУЫНЫНА ОТА ЖАСАЛДЫ

Аудан тұрғындарына көрсетілетін медициналық көмектің сапасын арттыру жолында Орталық аудандық аурухана тағы бір маңызды белесті бағындырды. Аурухана тарихында алғаш рет жоғары технологиялық жамбас буынын толық эндопротездеу операциясы сәтті жүзеге асырылып, жергілікті медицина саласының дамуындағы айтулы оқиғаға айналды.

Бұл күрделі хирургиялық ота травматология бөлімінің базасында өткізілді. Дәрігерлер 76 жастағы науқасқа сан сүйегінің мойын бөлігі сынғаннан кейін жамбас буынын толық алмастыру операциясын жасап, емдеу ісін жоғары деңгейде атқарды. Заманауи медициналық технологияларды қолдану нәтижесінде ота сәтті аяқталып, науқастың сауығуына мүмкіндік туды.

Мұндай жоғары технологиялық емдеу әдісінің аудандық ауруханада енгізілуі – денсаулық сақтау саласын жүйелі түрде дамытуға бағытталған жұмыстың нақты нәтижесі. Соңғы жылдары медициналық мекеменің материалдық-техникалық базасы жаңартылып, заманауи құрал-жабдықтар сатып алынып, емдеу сапасын арттыруға ерекше көңіл бөлінуде.

Аурухананың дамуына мекеме басшылығының қолдауы мен ұйымдастырушылық жұмысы да зор үлес қосып отыр. Басшылықтың бастамасымен жаңа технологияларды енгізу, білікті мамандарды тарту және медициналық қызметкерлердің кәсіби деңгейін көтеру бағытындағы жұмыстар тұрақты түрде жүргізілуде. Бұл өз кезегінде тұрғындарға көрсетілетін медициналық қызметтің сапасын жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік беріп келеді.



Жамбас буынын эндопротездеу – жоғары дәлдікті, үлкен тәжірибе мен кәсіби шеберлікті талап ететін күрделі операциялардың бірі. Мұндай оталардың аудандық деңгейде жасала бастауы жергілікті тұрғындар үшін үлкен жетістік саналады. Енді науқастар қажетті медициналық көмекті алу үшін алыс қалалар мен облыс орталықтарына бармай-ақ, өз ауданымыздағы ауруханада ем қабылдай алады.

Бұл жаңашылдық тұрғындардың уақытын үнемдеумен қатар, емделуге кететін қосымша шығындарды да азайтады. Ең бастысы – күрделі диагноз қойылған азаматтар дер кезінде жоғары мамандандырылған медициналық көмекке қол жеткізе алады. Бұл халықтың денсаулығын сақтау мен өмір сүру сапасын жақсартуда маңызды рөл атқарады.

Денсаулық сақтау саласындағы осындай игі бастамалар аудан медицинасының қарқынды дамып келе жатқанын көрсетеді. Заманауи технологияларды енгізу, материалдық базаны нығайту және кәсіби мамандардың еңбегі нәтижесінде медициналық қызметтердің қолжетімділігі артып, тұрғындардың сенімі нығая түсуде.

Орталық аудандық ауруханада алғаш рет жасалған бұл операция – тек бір медициналық жетістік ғана емес, аудан тұрғындарының денсаулығы үшін жасалған маңызды қадам. Бұл оқиға өңірдегі медицина сапасын арттыруға бағытталған жүйелі жұмыстың жемісі болып, алдағы уақытта жаңа мүмкіндіктер мен жетістіктерге жол ашатыны сөзсіз.

Карима МЕЙРАМБЕК

«ЗАҢ МЕН ТӘРТІП» ҚАҒИДАТЫ АЯСЫНДА КОНСТИТУЦИЯ ЖӘНЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ САЯСАТ ТАЛҚЫЛАНДЫ



меттің тиімділігін көтеруге бағытталды. Іс-шараға Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы облысы бойынша департаментінің басшысы Нұрсұлтан Ақылбекұлы Сейдалиев, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Алматы облысы бойынша филиалының директоры Қазыбек Нұрсейітұлы Дауталиев, аудан әкімдігі бөлімдерінің басшылары, мемлекеттік қызметшілер мен квазимемлекеттік сектор өкілдері қатысты. Кездесу барысында заң үстемдігі, мемлекеттік қызметтің ашықтығы, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, мемлекеттік басқаруды жетілдіру және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселелері кеңінен сөз болды. Нұрсұлтан Ақылбекұлы Сейдалиев мемлекеттік қызмет жүйесіндегі реформаларға тоқталып, жастарды мемлекеттік қызметке тартуға ерекше көңіл бөлініп отырғанын айтты. Қазіргі уақытта кадр даярлау жоғары оқу орындарынан басталып, мемлекеттік гранттар, білім беру бағдарламалары және талантты жастарды мемлекеттік басқаруға тартудың жаңа тетіктері енгізілуде. Ол мемлекеттік қызметке орналасу тәртібіндегі өзгерістерді де түсіндірді. 2023 жылдан бері Мемлекеттік басқару академиясында магистратураны мемлекеттік гранппен аяқтаған түлектер оқуын бітіргеннен кейін бір жыл ішінде аудандық мемлекеттік органдарға, ауылдық округ әкімдіктеріне және министрліктердің аумақтық департаменттеріне конкурстық тестілеусіз орналасуға мүмкіндік алған. Бұл тетік тиісті аумақтық департаменттің келісімімен жүзеге асырылады. Жаңа заңнамаға сәйкес енді мұндай мүмкіндік ақылы бөлімде білім алған түлектерге де берілген.

жесі бар мемлекеттік қызметшілерге қосымша үстемақы төлеу де көзделген. Үш жасқа дейінгі баласы бар қызметкерлерге, мүгедектігі бар азаматтарға және науқас туысын күтетін мемлекеттік қызметшілерге жұмыс аптасын 38 сағатқа дейін қысқарту қарастырылған. Мереке және демалыс күндері жұмыс істеген жағдайда бір жарым есе көлемінде ақы төленеді. Еңбек өтілі он жылдан он бес жылға дейінгі қызметшілерге үш күн, он бес жылдан жиырма жылға дейінгілерге бес күн, ал жиырма жылдан асқан жағдайда он күнге дейін қосымша демалыс беріледі. Неке қию, баланың дүниеге келуі немесе жақын туысының қайтыс болуы секілді жағдайларда он жұмыс күніне дейін ақылы демалыс алу мүмкіндігі енгізілген. Нұрсұлтан Ақылбекұлы мемлекеттік қызметті таңдаудағы басты мақсат елге қызмет ету ниеті болуы керектігін атап өтті. Ол жоғары оқу орнын аяқтағаннан кейін мемлекеттік қызметке келіп, осы салада он бес жылдан астам еңбек етіп келе жатқанын айтып, мемлекеттік қызметті халыққа қызмет етудің және қоғамға нақты пайда келтірудің жолы ретінде бағалады. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Алматы облысы бойынша филиалының директоры Қазыбек Нұрсейітұлы Дауталиев сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы өзгерістерді түсіндірді. Оның айтуынша, қазіргі саясат жазалаумен қатар құқық бұзушылықтың алдын алу шараларын күшейтуге бағытталған. Осыған байланысты мемлекеттік органдар, квазимемлекеттік сектор басшылары мен кадр қызметтерінің жауапкершілігі артқан. Жаңа заңнамада мүдделер қақтығысының алдын алуға ерекше назар аударылған. Мемлекеттік және

қызмет атқаруына қатысты талаптар да күшейтілген. Бұл талаптардың сақталмауы нәтижесінде қабылданған шешімдер заңсыз деп танылуы мүмкін екені айтылды. Сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлаған азаматтарды қорғаудың жаңа кепілдіктері енгізілген. Мұндай қызметкерді арнайы комиссияның қорытындысынсыз жұмыстан шығаруға, басқа қызметке ауыстыруға немесе тәртіптік жауапкершілікке тартуға болмайды. Олардың жеке деректері заңмен қорғалып, мәліметтерін заңсыз жариялаған тұлғаларға жауапкершілік көзделген. Қазыбек Нұрсейітұлы Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 367-бабына да тоқталды. Енді пара беру ғана емес, оны ұсыну немесе уәде етудің өзі қылмыстық жауапкершілікке әкелуі мүмкін. Аталған құқық бұзушылық үшін пара сомасының жиырмадан отыз есеге дейінгі мөлшерінде айыппұл немесе бес жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы көзделген. Сонымен қатар егер сыйлықтың құны екі айлық есептік көрсеткіштен аспаса және алдын ала келісім болмаса, ол қылмыстық құқық бұзушылық ретінде қарастырылмайтыны түсіндірілді. Ал азамат пара беру әрекеті туралы өз еркімен құқық қорғау органдарына хабарласа, заңда көзделген жауаптылықтан босатылуы мүмкін. Спикер күнделікті өмірде кездесетін тұрмыстық сыбайлас жемқорлықтың салдарына да назар аударды. Мемлекеттік қызметшіге немесе мемлекеттік функцияларды орындайтын тұлғаға мәселені жедел шешу үшін ақша, сыйлық, сертификат немесе өзге де материалдық игілік ұсыну заң талаптарын бұзу болып саналады. Кездесу соңында қатысушылар мемлекеттік қызметке орналасу, мансаптық даму, әлеуметтік кепілдіктер және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама қолдану мәселелері бойынша сұрақтар қойып, нақты жауаптар алды. Осындай ақпараттық-түсіндіру кездесуі №13 орта мектеп базасында да өткізіліп, оған квазимемлекеттік сектор қызметкерлері мен аудан тұрғындары қатысты. Жиында Конституция талаптары, мемлекеттік қызмет жүйесіндегі жаңашылдықтар және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жолдары түсіндірілді. Мұндай кездесулер қоғамда заңға құрмет мәдениетін қалыптастыруға, мемлекеттік қызметтің ашықтығын арттыруға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы иммунитетті күшейтуге және азаматтардың құқықтық сауаттылығын көтеруге бағытталған.

Диана ҚАНАТ